

**Алматы қаласында "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының орындалуы туралы 1997 жылы 25 желтоқсандағы I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXVI сессиясы шешімінің орындалу барысы туралы**

*Күшін жойған*

Алматы қалалық Мәслихатының шешімі I сайланған XXIV сессиясының 1999 жылғы 12 наурыздағы Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1999 жылғы 5 сәуірде N 39 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық Мәслихатының II сайланған VIII сессияның 2004 жылғы 29 шілдедегі N 76 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қалалық Мәслихатының II сайланған VIII сессияның 29.07.2004 N 76 шешімімен.**

I-ші сайланған Алматы қалалық Мәслихаты Алматы қаласында "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының орындалуы туралы" 1997 жылы 25 желтоқсандағы I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының ХҮІ сессиясы шешімінің орындалу барысын қарай келе және қала Әкімі тіл басқармасының бастығы Ж.Б. Нәлібаевтың осы мәселе бойынша баяндамасын тыңдай келіп, осы Заңды орындау бойынша Алматы қаласында қалыптасқан жүйенің қоғамдық өмірдің барлық саласында тілдердің дамуы мен қолданылуы жөнінде жоспарлы, тереңдетілген, ғылыми-негізді жұмыстар жүргізуге мүмкіндік беретіндігін атап өтеді.

Өткен мерзімде қалалық Мәслихат, қала, аудан әкімдері сессиялар, кеңейтілген мәжілістер өткізді, онда тіл саясатын одан әрі жетілдіру мәселелері қаралды, нормативтік-құқықтық актілер қабылданды. Ресми, мәдени шараларды өткізуде, іс-қағаздарын жүргізуде мемлекеттік тілді, басқа тілдерді үйрену мен қолдануды ұйымдастыруға баса назар аударылды. Қала, аудан әкімдерінің аппараттарында әкімдердің шешімдері, өкімдері, бұйрықтары, жоғары тұрған және ведомстволық бағыныстағы ұйымдармен жазбалар мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізілуде, өтініштерге, хаттарға, шағымдарға жауап түскен құжат тілінде берілуде. Мөрлерде, бланкілерде, мөртабандарда мәтіндер мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған. Мемлекеттік тілді қолдау мен дамыту жөніндегі қалалық "Мемлекеттік тіл" қоры, көрнекі ақпарат пен жарнама басқармасы құрылды. Балалардың мектепке дейінгі мекемелерінде, мектептерде, оқу орындарында мемлекеттік қызметшілерге, басқару саласы қызметкерлеріне арналған курстарда, Әуезов, Бостандық, Түрксіб аудандарының кәсіпорындарында, мекемелерінде, ұйымдарында қала тұрғындарына,

мемлекеттік тілді оқыту және үйрету деңгейі жақсара түсті. Қаланың барлық аудандарында әкімшіліктер жанынан сыртқы безендіру мен көрнекі ақпаратты бақылау жөніндегі үйлестіруші органдар жұмыс істейді. Осылайша, 1998 жылы аудан әкімдерімен және олардың орынбасарларымен, қала қызметтері басшыларымен 70 кеңес өтіп, 300 рейд жүргізілді, 7000 астам нұсқау беріліп, олардың барлығы негізінен орындалды, әкімшілік комиссияларда 400 ұйым қаралды, 2300 объекті бөлшектенді және прокуратураның қарауына 80 іс жіберілді. Мемлекеттік тілді, басқа тілдерді жақсы білу мен қолдану дәрежесін анықтауға арналған "дөңгелек үстелдерді", олимпиадаларды, "Қазақшаңыз қалай?" телебайқауын, теледидардағы, радиодағы, газеттердегі "Бізбен бірге сөйлеңіз" жалпы айдарымен берілген сабақтарды ерекше атап өтуге болады. Сонымен қатар барлық қалалық, аудандық, құрылымдық бөлімшелерде, кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарды "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заң толық көлемде орындалмайды, іс қағаздары барлық жерде бірдей мемлекеттік тілде жүргізілмейді, мәслихаттар, алқалар, мәжілістер әрдайым ілеспе аудармамен қамтамасыз етілмейді, қазақ тілі кабинеттері, оқу-әдістеме, анықтама әдебиеттермен, аудио-бейне материалдармен, оқытудың бүгінгі әдістемесі және қазақ қарпі енгізілген компьютерлермен жабдықталмаған. Энергетика, сауда, қызмет көрсету, денсаулық сақтау салалары кәсіпорындарында, мекемелерінде құжаттардың үлгілерінің мемлекеттік тілде жазылуы терминологиялық комиссиямен пысықталмаған. Қалалық жолаушылар көлігінде аялдамаларды қазақ және орыс тілдерінде жариялауға арналған диктофондарды орнату жөніндегі жұмыстар аяқталмаған. Қалалықтардың күнделікті тіршілігінде мемлекеттік тілді, басқа тілдерді енгізу мен қолдануда бұқаралық ақпарат құралдарының, жарнаманың, көрнекі ақпараттық және қаланы безендірудің мүмкіндіктерін пайдаланудың қолайлы әдістерін іздеу саябыр жүргізілуде. Теледидарда, радиода хабарларды мемлекеттік тілде берудің уақытша кестесі р е т т е л м е г е н .

I-ші сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

## **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қала Әкімі Тіл басқармасының бастығы Ж.Б.Нәлібаевтың Алматы қаласында "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының орындалуы туралы" 1997 жылы 25 желтоқсандағы I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының ХҮІ сессиясы шешімінің орындалу барысы туралы б а я н д а м а с ы н а з а р ғ а а л ы н с ы н .

2. 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңды, Қазақстан Республикасы Президентінің "Тілдерді қолдану мен дамуының

мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығын орындау мақсатында Алматы қалалық Мәслихатының ХҮІ сессиясында бекітілген бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін және Алматы қаласында тілдердің қолданылуы мен дамуының аумақтық бағдарламасы бекітілсін.

3. Алматы қаласы Әкімінің тіл басқармасы, аудан әкімдері Алматы қаласында меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, тұрғындардың тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасын орындауын қамтамасыз ететін барлық қажетті жағдайларды жасайтын болсын, мемлекеттік тілдің сауда және денсаулық сақтау салаларында қолданылуына баса назар аударсын. Барлық жарнама мен көрнекі ақпарат бір ай мерзімде мемлекеттік және орыс тілдеріне көшірілсін.

4. Тұрақты депутаттық комиссиялары, депутаттар, сайлау округтерінде "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңның, Қазақстан Республикасы Президентінің "Тілдерді қолдану мен дамытуының мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығын, осы шешімді орындау жөнінде сайлаушылармен нысаналы жұмыстарды жалғастыратын болсын.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау ғылым, білім, мәдениет, жастар істері, ұлтаралық қарым-қатынастар және дін мәселелері жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға жүктелсін (А. Алдашев).

*І-ші сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының ХХІV  
сессиясының төрағасы В.Югай*

*І-ші сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының хатшысы Ж.Төрегельдинов*

І - ш і с а й л а н ғ а н А л м а т ы  
қ а л а л ы қ М ә с л и х а т ы н ы ң  
Х Х І V с е с с и я с ы н ы ң  
1999 жылғы 12 наурыздағы шешіміне  
қосымша

## **Алматы қаласында Тілдерді қолдану мен дамытудың БАҒДАРЛАМАСЫ 1. КІРІСПЕ**

Алматы қаласында тілдерді қолдану мен дамытудың БАҒДАРЛАМАСЫ ( бұдан әрі - БАҒДАРЛАМА) Қазақстан Республикасы Конституциясының 93 бабына, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23,25 баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы өкімімен мақұлданған Қазақстан Республикасының тіл саясаты

тұжырымдамасына, Ел Президентінің Қазақстан халқына "Қазақстан-2030" Жолдауына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасына сәйкес әзірленген.

Бағдарламаның мақсаты - Алматы қаласында мемлекеттік және басқа да тілдерді дамуы үшін қолайлы жағдай туғызу.

Бағдарламаны іске асыру мерзімі - 1999-2000 жылдар кезеңіне есептелген.

Бағдарламаның құрылымы: Бағдарлама кіріспе және 5 тараудан тұрады.

Бағдарламаны қаржыландыру: Бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті қаражат жергілікті бюджеттер есебінен және министрліктер мен ведомстволарға көзделген қаражат шегінде, сондай-ақ басқа да көздерден қаржыландырылады.

№ р /с	Жұмыстың мазмұны	Орындаушылар	Мерзімі
1	2	3	4
2. Нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру			
1.	Тілдердің құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу	ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы, тіл басқармасы	1999 жылдың ІІ тоқсаны
2.	Тілдердің қолданылуы мен дамуына қолайлы жағдай туғызу мақсатында Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңының 23-бабының үшінші бөлігін іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы, тіл басқармасы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы	1999 жылдың ІІІ тоқсаны
3.	Тілдердің қолданылуы мен дамуының 2000-2010 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасын әзірлеу	ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы, тіл басқармасы	2000 жылдың ІV тоқсаны
3. Ғылыми-лингвистикалық қамтамасыз ету			
4.	Қазақ тілінде өзекті ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге жағдай жасау ақпараттық-аналитикалық анықтаманың	тіл басқармасы, "Мемлекеттік тіл" қоры	1999 жылдан бастап
5.	Мыналарды даярлап, басып шығару: Тіл заңын жүзеге асыруға байланысты ақпараттық-аналитикалық анықтаманың 2 басылымы (150 бет)	тіл басқармасы	1999 жылдың ІІІ тоқсаны
6.	Қазақ тілінің компьютерлік сөздік қорын (мәліметтер жинағы) құруға ұсыныстар әзірлеу	Бұл да сол	--/
7.	Қазақ әліпбиі мен емлесін жетілдіру жөнінде шаралар кешенін әзірлеуге ұсыныстар дайындау	Бұл да сол	1999 жылдың ІV тоқсаны
4. Тіл бұқаралық ақпарат құралдары, ғылым, мәдениет және білім беру салаларында			
8.	Республикада жұмыс істейтін ұлттық мәдени орталықтар мен қауымдастықтардың тәжірибелерін пайдалана отырып, тілдерді оқытудың жаңа технологиясы мен озық практикасын қорыту және тарату	ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы, тіл басқармасы	Ұдайы

9.	Оқытушылардың, аудармашылардың, іс қағаздарын жүргізушілердің және басқа да мамандардың тілдік біліктігін арттыру жөніндегі курстар ұйымдастыру	Алматы қаласының білім және тіл басқармалары	-//-
10	Көлік пен байланыс, сауда, денсаулық сақтау, тұрмыстық қызмет көрсету, анықтама-ақпараттық қызмет көрсету салаларында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету	Жолаушыларды тасымалдау МК, " Алматыэлектротранс" КМК, " Алматытеле-ком" ҚТОО, кәсіпорындардың қызмет көрсету саласы бойынша үйлестіру және бақылау департаменті	-//-
11	Тілдерді дамытудың өзекті мәселелері жөнінде қалалық, аймақтық, салалық кеңестер, конференциялар, коллоквиумдар және басқа да тілдерді дамыту туралы өзекті мәселелер бойынша іс-шаралар өткізу	ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы, тіл басқармасы	-//-
12	Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ тіліндегі суретті кітапшалармен және буклеттермен қамтамасыз ету жөніндегі арнайы бағдарламалар әзірлеу	Алматы қаласының ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы, тіл басқармасы, білім беру басқармасы	-//-
13	Қазақ тілінде білім беретін МДМ мен мектептердің санын ұлғайтуды жалғастыру және қазақ тілін тереңдетіп оқытатын мекемелер желісін кеңейту жұмыстары ары қарай жалғастырылсын	Бұл да сол	-//-
14	Оқулықтар мен оқу құралдарын және анықтама әдебиеттерін, мемлекеттік тілді оқытудың жаңаша әдістері бейнеленген аудиобейне материалдарын, мектептерде мемлекеттік тілді және басқа ұлт тілдерін үйретудің компьютерлік бағдарламаларын шығару жөніндегі кешенді жұмыстар жетілдірілсін	мұғалімдердің білімін жетілдіру институты, тіл және білім беру басқармалары	-//-
15	Алматы қаласында мамандардың білімін жетілдіру және қайта даярлау курстарын өткізу тиімділігі арттырылсын	мұғалімдердің білімін жетілдіру институты, тіл білімін басқармалары	-//-
16	Арнаулы орта оқу орындарында "хатшы-референт", "Іс жүргізуші" мамандарын даярлау курстарын ашу жұмыстары үйлестірілсін	мұғалімдердің білімін жетілдіру институты, тіл және білім беру басқармалары	-//-
17	Жоғары және орта арнаулы оқу орындарының орыс бөлімшелерінде қазақ тілін оқытуға арналған сағаттар санын көбейту, мемлекеттік тілді зерделеуші топтар құруды қамтамасыз ету; Жетім және панасыз қалған балаларға арналған қазақ тілінде оқытатын балалар үйлері мен мектеп-интернаттар желісін ұлғайту	мұғалімдердің білімін жетілдіру институты, тіл және білім беру басқармалары	1999-2000 жылдар
18	МДМ, жалпы білім беретін мектептерде, арнаулы оқу орындарында мемлекеттік және ұлт тілдерінде білім беретін кластардың, топтардың, бөлімдердің санын ұлғайту жұмыстары күшейтілсін	Бұл да сол	-//-

19	Орыс тілінде тәрбие беретін мектепке дейінгі балалар мекемелерінде сәбилер мен естиярлар топтарындағы қазақ тілі сабақтарының сағат санын аптасына 2 сағатқа дейін, ал мектепке даярлық топтарында аптасына 3 сағатқа дейін жеткізу; орыс тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарындағы қазақ тілі пәнінің сағат санын жалпы оқу сағаттары шегінде көбейту	Алматы қаласының білім беру басқармасы	1999-2000 жылдар
20	Қазақ мектептері мен орта арнаулы және жоғары оқу орындарының қазақ бөлімдерінде дене мәдениеті мен әскери даярлық пәндерін мемлекеттік тілде оқытуға кірісу	Бұл да сол	1999- 2000 жылдар
21	Ұлттық тілдерде оқытатын мектептерді бағдарламамен, оқу-әдістемелік құралдармен, көрнекі-ақпараттық және мүмкіндігінше компьютерлік техникамен қамтамасыз етілсін	мұғалімдердің білімін жетілдіру институты, тіл және білім беру басқармалары	Ұдайы
22	Ұлттық салт-дәстүрлерді дамыту, жаңғыртуға бағытталған мәдени бағдарламалар жандандырылып, ұлттық қолөнер жұмыстарының шеберханалары және көрмелері ұйымдастырылсын	мәдениет басқармасы	-//-
23	Қала кітапханаларын қазақ және басқа тілдегі әдебиеттермен жүйелі түрде жабдықтау қамтамасыз етілсін	мәдениет басқармасы	-//-
24	Алматы қаласындағы телерадиокомпанияларының Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңының 18-бабын орындауын қамтамасыз ету	ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы	-//-
25	Баспасөзде, бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілді, тарихты, мәдениетті, қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларын насихаттауға арналған тақырыптағы жастар хабарлары кеңейтілсін	баспасөз қызметінің және ТРК бірінші басшылары, бұқаралық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы, тіл басқармасы	-//-
5. Мемлекеттік тілде іс жүргізу			
26	Орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда іс жүргізуге мемлекеттік тілді енгізу жөнінде бөлімдер немесе секторлар құру	Алматы қаласы, аудан әкімдері, қаржы басқармасы	1999 жылдың II тоқсаны
27	Қаладағы барлық басқармалар мен комитеттердің, меншік түріне қарамастан, барлық мекемелер мен ұйымдардың және кәсіпорындардың штат кестесіне бір қызметтік орын - қазақ тілі мұғалімі және аудармашы немесе іс жүргізуші есебінде бас маман және жетекші маман қызметі қайта енгізілсін	кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелердің бірінші басшылары	1999 жылдың I тоқсаны
28	Меншік түріне қарамастан, барлық кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жыл сайынғы есептеріне қызметкерлерінің мемлекеттік тілді үйрену курстарынан өткені жайлы мәлімет беру енгізілсін	Алматы қалалық санақ және талдау басқармасы, тіл басқармасы	1999 жылдың IV тоқсаны
29	Жергілікті мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілде іс жүргізу шаралары және енгізу тәртібі жасалынсын	Алматы қаласы Әкімінің аппараты, аудан әкімдері	1999 жылдың II тоқсаны

30	Жергілікті мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдегі іс-қағаздарының (компьютерлік шаблондар) бірыңғай үлгісін жасау және шығару	Бұл да сол	1999-2000 жылдар
31	Қала аудандарында салалық , терминологияға және ауызекі сөйлеуге үйрету ісіне ерекше назар аудара отырып, мемлекеттік тілді жеделдетіп оқытып-үйретуге арналған курстар ұйымдастыру жандандырылсын	тіл басқармасы, аудан әкімдері	1999 жылдың ІІ тоқсаны
32	Мемлекеттік тілді үйрету және іс жүргізу саласындағы озық тәжірибелерді саралау және енгізу мақсатында " Мемлекеттік тіл" қор негізінде қалалық ғылыми-әдістемелік орталық құру	тіл басқармасы, " Мемлекеттік тіл" қоры	1999 жылдың І-ІІ тоқсандары
<b>6. Терминологиялық және ономастикалық жұмыстар</b>			
33	Қалада Қазақ терминологиясын жетілдіру және ономастикалық жұмыстар жүргізу тұжырымдамасының жобасын әзірлеу	тіл басқармасы	1999 жылдың ІІ тоқсаны
34	Қазақ терминологиясының компьютерлік қорын жасауға ұсыныстар әзірлеу	тіл басқармасы	1999 жылдың І тоқсаны
35	Қаладағы топографиялық нысандар атауларын реттеу және бір жүйеге түсіру	тіл басқармасы	Ұдайы
36	Жаңа тәртіппен бір жүйеге түсірілген топонимдердің( жергілікті атаулар, су қоймалары) Алматы қалалық әкімшілік-аумақтық бірліктері атауларының анықтамалық сөздігін әзірлеуді және тұрақты түрде шығарылуын қамтамасыз ету	тіл басқармасы	Ұдайы
37	Алматы қаласының картасын жаңа топонимдік және басқа нысан атауларымен әзірлеу мен шығарылуы қамтамасыз етілсін	Бұл да сол	-/-
38	Алматы қаласының топонимдер сөздігін, қаланың жаңа ономастикалық атауларының анықтамалығын тұрақты түрде шығару	Бұл да сол	-/-
39	Мемлекет және қоғам қайраткерлерін, ғылым, мәдениет, әдебиет және өнер қайраткерлерінің есімін мәңгі есте қалдыру жұмысын жалғастыру (олардың есімдерін көшелерге, мектептерге беру және мемориалдық тақта орнату арқылы)	Бұл да сол	-/-

**І - ш і                      с а й л а н ғ а н                      А л м а т ы**  
**қ а л а л ы қ                      М ә с л и х а т ы н ы ң**

**XXIV сессиясының төрағасы**

**В.Югай**

**І-ші сайланған Алматы**

**қалалық Мәслихатының хатшысы**

**Ж.Төрегелдинов**